КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 9 ақпан №3115-26-00-2/51 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«TOTAL COST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «TOTAL COST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «TOTAL COST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «TOTAL COST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 9 ақпан 2026 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 09.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2026, судья Сарсенбиева Б. С., 18.03.2026

3115-25-3-1/3676